

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	.				
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Сәуір айы 1-апта 01-04.04 2025ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	31.03.25ж	01.04.25ж	02.04.25ж	03.04.25ж	04.04.25ж
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сәуір айы «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы» Апта дәйек сөздері «Еңбек - қуаныш, жалқаулық»				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Қарамырза Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам, бірінші қарамырза» -деп жауап беруі керек, егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Айдапсал. Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек. Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады. Ал өз есімі берілген	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды нығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, нығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп,	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу соқ Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады. Бір ойыншы белбеуді алып, екіншісін қууға тиіс. Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде, артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады. Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе, оның орнын келесі ойыншы басады

		«жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді	ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді	арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	
	Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Менің Қазақстаным ҚР гимні Психомоторлық жаттығу: Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ақ жаңбыр. (Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды) Астан-кестен жауатын, Өткінші енді біз жаңбыр. (Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)	Психомоторлық жаттығу: Әппақ болып таң атты, Түтін тіке шығады. Қарлығаштар қанатын Самғап биік ұшады.	Психомоторлық жаттығу: Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық	Психомоторлық жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.		Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз нені үйрендік? - сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру; -буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 1 Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер) Міндеті: Көрікті көктем.	Математика негіздері Міндеті: . Не(пішіндер) неге ұқсайды? - геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ	Математика негіздері Міндеті: Не(пішіндер) неге ұқсайды? - геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау - сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру; -сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті Волейбол алаңында

		(Аквапель бояу) - балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Құстар біздің досымыз. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; -балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Жантақ қайда өседі? - балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек	моторикасын дамыту. Сауат ашу негіздері . Міндеті: Біз нені үйрендік? [ш] -сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. -достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу. Дене шынықтыру Міндеті: Волейбол алаңында жаттығу. -еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату. Көркем әдебиет . Міндеті: Мен ғарышкер боламын (өлеңді жатқа айтуға үйрету) Жақан Смақов-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен,	ұсақ моторикасын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Маңдай тер. -сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Құстар біздің досымыз. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; -балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. Қазақ тілі Міндеті: Қандай түстер? -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға	жаттығу. -еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату. Көркем әдебиет Міндеті Мен ғарышкер боламын (өлеңді жатқа айтуға үйрету) Жақан Смақов-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту. Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:. Жантақ қайда өседі? -балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қанбақ), жүзгін сынды
--	--	---	--	---	---

		(қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру; -тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту; -туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу.	көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.	үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру; -тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту; -туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтсекін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен		Серуен-Бақылау №1 Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдандар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табындар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары:	Серуен-Бақылау №2 Бақылау: Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жас шыбық» А. Мендібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ	Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Мендібай Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды Жеке жұмыс Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсындар? ♦ Күшіктің көңіл-күйі	Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды <i>жалғастыру</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Жеке ұмыс Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсындар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ

		*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? Жеке жұмыс: *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)	қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Жеке жұмыс Тәрбиеші сұрақтары: *Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? *Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? *Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? *Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын	қандай? ◆ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ◆ Сендерше күшіктеркөбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	құрылысының орнын . тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу Қимылды ойын: Өз үйіңді тап Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде -ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» дегенұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді).
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа		«Керісінше айт» ойыны Мақсаты:Логикалық ойлай алады,қарама-қарсы мағынасы бойынша айтады.	Дидактикалық ойын: «Ұқсастықты тап» Мақсаты:Заттардағы ұқсастықты табады және өз дәлелін негіздей отырып айта алады.	«Сөйлемді толықтыр» ойыны Мақсаты:Ойлау жылдамдығын, сөй-леу белсенділігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты:Төрт мезгілдің өзгерістерін ажыратады.Мезгілді рет-ретімен атайды.

әрекеттер)					
Балалармен жеке жұмыс		сөздерді анық айтуға үйрету. Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес»	пішіндерді ажырата білуге үйрету. Ойын: «Пішіндер доминосы»	қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Атбақыл Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын (сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады.	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Арқан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады .	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

